

Өңірлік жұмыспен қамту стратегиясын жүзеге асыру аясында халықтың мақсатты тобын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 сәуірдегі N 16 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 04 мамырда N 5-19-117 тіркелді. Күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы N 258 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010.12.29 N 258 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1- тармағы 13), 14) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықтың жұмыспен қамту туралы» № 149-ІІ Заңының 4, 5, 7, 9, 18-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7-шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының 5, 8-баптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 наурыздағы «Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттерін және республикалық ұйымдарға бөлінетін қаражатты пайдалану ережесін бекіту туралы» № 259 қаулысына сәйкес, Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Өңірлік жұмыспен қамту стратегиясын жүзеге асыру аясында халықтың мақсатты тобын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөнінде келесі жолдармен шаралар қабылдансын (бұдан әрі - Қатысушылар):

1) бастауыш, орта, жоғарғы және оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін оқу орындарының түлектері арасындағы жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыру ;

2) мақсатты топтар арасынан шыққан жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына орналастыру .

2. Жұмысқа орналастыру келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылсын:

1) «Шемонаиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркеліп, мақсатты топқа

жатқызылған Қатысушыларды жұмысқа жіберуді жүзеге асыру;

2) Қатысушыларды іріктеу кезінде, оларға қолайлы жұмыстың жоқтығы;

3) түлектің жасы 25-ке дейін және мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесінің
б о л м а у ы ;

4) жұмыс мерзімі алты айға дейін.

3. Жұмысқа орналастыру кәсіпорындарда, мекемелерде және меншіктік түріне тәуелсіз ұйымдарда (бұдан әрі – Жұмыс беруші) ұйымдастырылып, Бөлімнің Жұмыс берушімен жасаған келісімшарты негізінде өткізіледі.

4. Еңбек шарты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Жұмыс беруші мен Қатысушы арасында жасалған еңбек келісімімен белгіленеді.

5. Бастауыш, орта, жоғарғы және оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін оқу орындарының түлектері арасындағы қатысушыларға еңбек ақы төлемі республикалық бюджет қарадатынан олардың жеке шорттарына аудару арқылы бөліммен жүргізіледі. Республикалық бюджеттен бөлінетін орташа айлық төлем мөлшері 20 000 (жиырма мың) теңгеден артық емес.

6. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылған Қатысушылардың еңбек ақысын Жұмыс беруші жеке еңбек келісімшартына сәйкес ай сайын өз қаражатынан төлейді және белгіленген заңнамалық тәртіппен салық салынады.

7. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылған Қатысушылардың еңбек ақысына шыққан Жұмыс берушілердің шығындары республикалық бюджет қаражатынан Қатысушының біреуіне толық 1 айға 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде жарым-жартылай өтеледі. Республикалық бюджеттен бөлінген қаржы Бөліммен жасалған келісім шартқа сәйкес Жұмыс берушінің есептік
ш о т ы н а а у д а р ы л а д ы .

8. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға ұсыныс жасаған жұмыс берушілерді іріктеу ресми ұсыныстардың келіп түсуіне қарай кезектілік тәртібімен жүргізіледі.

9. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыруға Жұмыс берушінің қатысу үлесі келісімшарт негізінде Жұмыс берушімен және Бөліммен анықталады.

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Шемонаиха ауданы әкімінің орынбасары Г.И.Акуловқа жүктелсін.

11. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха ауданының әкімі

А.Кәрімов